

«Астана Медицина Университеті» АҚ
«Қазақстан тарихы және философия» кафедрасы



СӨЖ

Тақырыбы: Диалектика

Орындаған: Олжаева А.Д.

Топ: 204 ЖМ

Тексерген: Рахымжанова Б.Х.

Астана 2016



Жоспар:

- Кіріспе
- Негізгі бөлім
 - Диалектика түсінігі
 - Диалектика теориясының мәселелері
 - Диалектиканың негізгі заңдары
- Қортынды
- Пайдаланған әдебиеттер тізімі




КІРІСПЕ

Диалектика (гр. *διαλεκτική* – пікірталас, әңгімелесу өнері) — табиғаттың, адамзат қоғамының және ойлаудың қозғалысы мен дамуының жалпы заңдылықтары туралы философиялық ғылым, бір қасиеттен екінші қасиетке секіріс түрінде ауысуына әкелетін ішкі қарама-қайшылықтарын және қарама-қарсылықтардың күресін ашу жолымен қоғам мен табиғаттың әрқашан қозғалыста болатын және өзгеріп отыратын құбылыстарын танудық ғылыми әдісі.

Диалектика ұғымын ежелгі грек философы Сократ енгізді. Ол диалектиканы - диалог, әңгімелесу кезіндегі қарама-қарсы көзқарастардың қақтығысы арқылы ақиқатқа жетудің ерекше әдісі деп түсіндірді. Диалектиканың нағыз атасы Эфестен шыққан Гераклит болған. Ол объективті антологиялық диалектиканы ойлап тапты. Гераклит үшін бұл диалектиканың ұйытқысы мен нәтижесі қарама-қарсылықтар күресі арқылы әрекет ететін әлемдік парасапы балама "Логос" болды




Диалектика – сөзі ертедегі гректің екі - диа (екеу), лог (ұғым, мағына) сөзінен тұрады. Диалог екеудің әңгімесі. Диалектиканың пайда болуы пікірталастық іс-әрекетке байланысты болды. Себебі, ертедегі гректің ақылды, шешен кісілері сенатта, сотта сөз сөйлеп жұртты өз пікіріне қарататын, диалог арқылы өз мақсатына жететін, өзіне жақтастар таба алатын. Шындықты табудың көзі - айтыс, қарама-қарсылық пікір және сөз таластыру арқылы ақиқатқа жету. Диалектика белгілі бір процесс, ақыл-оймен дүние мәңгі қозғалыста, қимылда деп түсіндіру әдісі.



- Гераклит (грецияда, б.з.б. V ғ.), дүние мәңгілік қозғалыста, қозғалмайтын нәрсе жоқ деді. Болмыс пен болмау - өзара байланыста, біріне-бірі тәуелді және біріне-бірі өтіп отырады. Бұның диалектикалық ойдың тарихына қосылған зор үлес екендігінде дау жоқ. Кратил ұдайы өзгеріп отыратын, қозғаушы күштің үзілмейтінін көрсетсе, Зенон, оның қарсы жағын, үзілетінін атап көрсетеді. Мұны Гегель: тезис - антитезис - синтез дейді.



**Дж. Бруно
(1548-1600)**



**Н. Кузанский
(1401-1464)**

Қайта өрлеу дәуірінде қарама-қарсылықтардың үйлесімділігі туралы диалектикалық идеяларды Николай Кузанский мен Джордано Бруно ұсынды. Жаңа дәуірде метафизиканың үстемдігіне қарамастан, Декарт өз космогониясында, Спиноза өзіне-өзі себеп болатын субстанция ілімінде диалектикалық ой үлгілерін жасады. Декарт: «Құдай дүниені жарата отырып, оған импульс немесе түркі болады, яғни сағат жөндеуші, сағаттың механизмін бұрай отырып, қозғалысты хабарлайды. Бұл пікір қоғамдық құбылыстарды талдауға қолданылмайды», - деген.



Диалектикалық әдіске қарама-қарсы метафизикалық ойлау әдісі бар. Бұл әдісті Софистика (софизм) мен эклектика ағымдары қолданды. Софизм бір нәрсені дәлелдеп, пікір айтуға логика қағидасын бұзатын теріс тәсілдер қолданады және бұл дәлелі дұрыс секілді болып көрінетін әртүрлі айла-шараны пайдаланды. Әрине, бұл кезде объектінің ішкі болмысын, табиғатын шынайы ашпай, сыңаржақтылыққа ұрынады. Ал, эклектика(гр. Eklego- таңдаймын) - әртүрлі бағыттар немесе шындықтардың негізгі шешуші жағын айқындап алмай, түрліше қарау жолдарын принципсіз, қалай болса солай біріктіре салу.





**Диалектика - ойлаудың
объективтілігі, софистика -
ойлаудың субъективтілігі.**





Диалектика теориясының мәселелері

Осы уақытқа дейін біз қарастырған әлем мен адам қарым-қатынасының барлық қырында даму құбылысымен жеткілікті түрде таныстық. Әлем де, адам да, табиғат та, қоғам да ұдайы өзгерісте, дамуда. Даму дегеніміз-мәңгі, қажетті қозғалыс, өзгеріс. Философияның бір бөлігі болып табылатын диалектика әлемнің дамуының теориялық негіздерін анықтайды. Диалектика дегеніміз-болмыс пен бүкіл әлем дамуының жалпы байланыстары туралы ілім. Онда даму процесі зерттеледі. Диалектика-дамудың философиялық теориясы. Сонымен қатар, ол-әлемді біртұтас және қарқынды бүтіндік деп қабылдайтын ойлау тәсілі. Диалектика әлем үлгісін өзгеріп тұратын түрлер, жағдайлар және дәуірлердің бір-бірімен ауысуының мәңгі процесі деп қарастырады. Ф. Энгельстің анықтамасы бойынша, диалектика дегеніміз - әлемдегі байланыстар, табиғаттың, қоғам мен ойлаудың қозғалысы мен дамуының жалпы заңдары туралы ғылым.




Диалектика түрлері

Объективті
диалектика
(тұрмыс)

Субъективті
диалектика
(ой)



- Философия *объективті және субъективті* диалектика ұғымдарын қолданады. Ойлау және таным процестері үшін бұл өте маңызды ұғымдар. Объективті диалектика дегеніміз- әлемнің, табиғаттың, объективті дүниенің дамуы, өзгеруі. Ал оның адам санасында бейнеленуінен субъективтік диалектика туындайды. Әлем, дүниенің дамуымен, өзгеруімен қатар оны бейнелейтін, түсіндіретін ұғымдар да дамып, өзгеріп отырады. Диалектика зерттейтін маңызды сұрақтардың қатарына: *“Даму дегеніміз не?”*, *“Ол неліктен болады”*, *“Даму қалай іске асып отырады”*, *“Даму қайда бағытталған”* сияқты маңызды проблемалар жатады. Осылар төңірегіндегі ізденістер мен ойлау иірімдері материалдық әлемнің терең қабаттарын ашып, оның даму тетіктерінің мәнін зерттеуге мүмкіндік береді.



- Ол бірден даму теориясына айналмаған. Грек мәдениеті аясында диалектика сұрақ - жауап арқылы пікір таластыру қабілетін, ұғымдарды саралау, заттарды түрі мен шыққан тегіне қарай ажырату өнерін білдірген. Сонымен қатар, оның қайшылықтар туралы ілім деген анықтамасы да болған. Көрнекті грек философы Аристотель диалектиканы ықтимал пікірлер туралы ғылым деп есептеген. Бірте-бірте диалектика даму туралы ілімге айналды. Қарапайым диалектика антикалық философияда қалыптасты. Ол көне гректердің табиғатты қарапайым пайымдауынан туындады.



Диалектикалық дәстүрдің бастауы, негізі Гераклит ілімі деп есептелінеді. Табиғатты бөлінбейтін біртұтастық дей отырып, Гераклит “от”, “әлемдік өрт”, “космос” ұғымдары арқылы ондағы ұдайы болып тұратын өзгерістерді түсіндіруге тырысты. Әлемдегі барлық нәрсе өзгермелі, қатып, семіп қалған еш нәрсе жоқ. Барлығы бір-біріне қарама-қарсы жақтардан тұрады, олар бір-бірімен әрекеттеседі. Қарама-қарсылықтардың өзара күресі әлем дамуының қозғаушы күші және негізгі заңдылығы. Гераклит мәңгілік және өткіншілік, Құдай және адам, өмір және өлім, сабан және алтын сияқты қарама-қарсылықтарды атап көрсеткен. Орта ғасырларда кейбір ойшылдардың шығармашылығында диалектикалық ізденістер орын алған. Мысалы, П.Абеляр диалектиканы әртүрлі пікірлер сайысында ақиқатқа жетудің тәсілі деп қарастырған. А.Августин жалпы тарихтың дамуы туралы ілім жасаған, онда балалық, бозбалалық, өрлеу, қартаю және өлу кезеңдері атап көрсетілген.



Диалектиканың негізгі заңдары

- Диалектиканың негізгі үш заңы бар. Олар даму процесінің маңызды заңдылықтарын түсіндіреді. Қарама-қарсылықтардың бірлігі мен күресі туралы заң материалдық әлемнің дамуының негізін түсіндіреді. Даму процесі ішкі де, сыртқы да қарама-қарсылықтардың қақтығысы арқылы іске асады. Диалектика сыртқы қарама-қарсылықтардың бірегейліктің екіге бөлінуінің нәтижесі, түптеп келгенде ішкі қарама-қарсылықтар туындысы деп қарайды. Бұл заңның үлкен дүниетанымдық және тәрбиелік мәні бар, өйткені ол дамудың белгілі бір сатысын, тарихтың ешбір жетістігін, адам қол жеткізген биікті ең соңғы деп қарастырмауға үйретеді және шексіз шығармашылыққа бағдар береді. Қоғам өміріндегі қайшылықтар өте күрделі және жан-жақты. Сандық және сапалық өзгерістердің өзара өту заңы дамудың нақты тетігін көрсетеді. Диалектика кез келген затты оның қасиеттері, саны және сапасы жағынан сипаттайды. Қасиет дегеніміз - заттың басқа заттармен байланысындағы сипаты. Сапа - бұл қасиеттердің бірлігі. Сапалық айқындылық зат пен құбылысты тұрақты етеді, бір-біріне ажыратып, дүниенің шексіз саналуандылығын айқындайды. Сапа дегеніміз-заттың барынша өзінділігі.



Қортынды

Жоғарыда атап өткен диалектиканың негізгі принциптері мен заңдары оның негізгі идеяларын қорытындылауға мүмкіндік береді.

Біріншіден, құбылыстардың бір-бірімен тығыз байланыстылығы идеясын әлем мен жаратылыстану тарихы толық дәлелдейді.

Екіншіден, әлемнің өмір сүруі мен дамуының негізгі шарты - оның ішкі қайшылықтары идеясы.

Үшіншіден, әлемдегі құбылыстардың ұдайы өзгеріп отыратындығы туралы идея.

Диалектика- ойлаудың ең икемдісі, дүниені жан-жақты зерттеудің, яғни әртүрлі байланыстардың әрқайсысын ашып, қарама-қарсы күштердің даму барысындағы өзгерістер мен процестердің негізін табу.



Пайдаланға әдебиеттер тізімі:

Основы сестринского дела. Автор Обуховец Т.П. , *Ростов на Дону*
«Феникс» 2007год.

Манипуляции в сестринском деле. Под ред. А.Г.Чижа. *Ростов-на-Дону: Феникс, 2008*

Внутренние болезни: Учебник/ Ф.И. Комаров, В.Г. Кукес, А.С. Сметнев и др.; под редакцией Ф.И. Комарова, М.: «Медицина», 1990г.

<http://kz3.fatwords.org>

<http://ru.wikipedia.org>

La belleza perece en la vida pero es inmortal en el arte.

Leonardo Da Vinci

**Назар аударғаныңызға
РАХМЕТ!**